



Қазақстан Республикасының тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы 1995 жылғы 19 мамырдағы N 2286. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастықты неғұрлым тиімді жүзеге асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылсын.
2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы Жарлықтан туындаитын қажетті ұйымдық шараларды жүзеге асыратын болсын.
3. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті